

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫН АРТТЫРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X саммиті өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары деңгейдегі жиынға қатысу үшін түркі халықтарының қасиетті кара шаңырағы – Қазақстанға арнайы келген мемлекеттер басшыларына айрықша ілтипат білдіре отырып, еліміздің бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толыққанды, беделді халықаралық ұйымға айналғанына назар аударды.

– «Түркі әлемінің келешегі – 2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр. Басқа мемлекеттер біздің ұйымның ұстанымдарына баса мән бер



ретін болды. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет, – деді Президент. Мемлекет басшысы еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымын одан әрі дамытуға мүдделі екенін айта келіп, Қазақстанның

Ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни TURKTIME! ұранымен өтетінін мәлімдеді.

Бұл ретте Мемлекет басшысы еліміздің салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Re-

forms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды.

Президенттің айтуынша, түркі бірлігін дәріптеудің маңызы зор. Өйткені біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз және діліміз – ортақ. Осыған байланысты Түркі мемлекеттері ұйымының, оның құрылымдарының туларын және эмблемаларын бір үлгіге келтірген жөн.

– Бүгін өздеріңізге ұсынылған эскиздерді бірге қарап, ортақ шешім қабылдаймыз. Бұл – тарихи сәт болмақ. Тарихтан сыр шертетін ортақ мұрағатты зерттеп, ұрпаққа ақиқатты жеткізу – біздің парызымыз. Құзырлы органдарымызға беймәлім деректерді бірлесіп зерделеуді тапсыруды ұсынамыз. Бұл, шын мәнінде, маңызды жұмыс болмақ, себебі ортақ тарихымызда әлі де толық зерттелмеген актандақтар бар. Сондай-ақ елдеріміздің телехикаяларын өзара насихаттау маңызды. Әсіресе, балаларға арналған анимациялық фильмдерді көбірек таратқан жөн. Бұған әлеуметтік желіні пайдалану, танымал медиа тұлғаларды жұмылдыру керек деп есептейміз. Сол арқылы жастарымызды рухани тұрғыдан жақындастыруға мүмкіндік туары сөзсіз, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮРКИЯ – ЕНШІСІ БІР, ТАМЫРЛАС ТУЫСЫМЫЗ



Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының X саммитіне қатысу үшін Астанаға келген Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Түркия Президентінің Қазақстанға сапарының мәні зор екенін атап өтіп, бүгінгі кездесу екі елдің көпжакты қарым-қатынасын нығайтуға және Түркі әлемін дамытуға тың серпін беретініне назар аударды. Қасым-Жомарт

Тоқаев саммит барысында көтерген маңызды бастамалары мен салмақты ой-пікірлері үшін Режеп Тайип Ердоғанға алғыс айтты.

– Қадірлі бауырым, Атажұртқа қош келдіңіз! Түркия – біздің ежелден еншісі бір, тамырлас туысымыз. Сондай-ақ Қазақстанның ең жақын әрі сенімді стратегиялық серіктесі. Сіз өзара қарым-қатынасты дамытуға орасан зор үлес қосып келесіз. Мен оны жоғары бағалаймын. Арадағы тұрақты келіссөздердің арқасында бүгінде

көптеген келісімдеріміз табысты жүзеге асырылуда. Былтыр екі-жакты тауар айналымы 54 пайызға өсіп, 6,3 миллиард доллар болды. Осы көрсеткішті 10 миллиард долларға дейін жеткізуді көздеп отырмыз. Түркия – еліміздің негізгі төрт сауда серіктесінің бірі. Инвестициялық ынтымақтастық қарқынды дамып келеді. Елімізде түрік капиталының үлесі бар 4 300-ден астам компания жұмыс істеп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды және түрік халқын Түркияның 100 жылдығымен құттықтады. Мемлекет басшысы бауырлас елдің мерейтойына орай Астанадағы көшелердің біріне Анадолия атауы берілгенін, сондай-ақ Шымкентте Түркия даңғылы мен саябағын, ал Алматыда Мұстафа Кемал Ататүріктің ескерткішін ашу жоспарланып отырғанын айтты.

Режеп Тайип Ердоған Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық саммитін жоғары деңгейде өткізгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, екі ел арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту маңызды екенін жеткізді.

МАЖАРСТАН – СЕНІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Түркі мемлекеттері ұйымының X саммиті қарсаңында елімізге Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан ресми сапармен келген болатын. Қазақстан Президенті мен Мажарстан Премьер-министрінің кездесуі шағын құрамда келіссөз өткізуден басталды.

Келіссөз алдында «Ақорда» резиденциясында шетелдік қонақты салтанатты түрде қарсы алу рәсімі өтті. Құрмет қарауылының бастығы Қазақстан Президенті мен Мажарстан Премьер-министріне рапорт берді. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары орындалғаннан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Виктор Орбан шағын құрамда кездесу өтетін залға барды. Тараптар саяси диалогті нығайтуға, сауда-экономикалық ынтымақтастық пен мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге баса мән бере отырып, қазақ-мажар қарым-қатынасының қазіргі жай-күйі мен даму перспективасын жан-жакты талқылады. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Мажарстан арасындағы қарым-қатынастарды нығайтуға елеулі үлес қосқаны үшін



Виктор Орбанға ризашылығын білдірді.

– Құрметті Премьер-министр мырза, ең алдымен, қазақ жеріне қош келдіңіз! Себебі Сіз – кыпшақсыз. Бұл деректі қазақтар жақсы біледі әрі Сізді сыйлайды. Сондықтан атамекеніңізге келіңіз деп айтсақ, артық болмайтын шығар. Менің шақыруымды қабыл алып, Қазақстанға ресми сапармен келгеніңіз және Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық саммитіне қатысуға ниет танытқаныңыз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл

сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастыққа тың серпін беретіні сөзсіз. Сондықтан бүгінгі келіссөздер нәтижелі болатынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Виктор Орбан Қазақстанға шақырғаны және өзіне, Мажарстан делегациясына көрсеткен қонақжайлылығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Ол екі ел арасындағы саяси диалог пен өзара тиімді серіктестіктің деңгейін жоғары бағалады.

(Жалғасы 2-бетте)

ӨРТЕНБЕСІН ОРМАНДАР, СЕНДЕР ОНЫ ҚОРҒАҢДАР!



Соңғы жылдары орман өрті салдарынан жер жаһанның экологиясына келген залалды есептеп шығу мүмкін болмай қалды. Ал 2050 жылға қарай әлем ормандарында болатын қызыл жалын қазіргіден 30%-ға артуы мүмкін. Бұл деректі күні кеше БҰҰ жария еткен.

Жаңа ғасыр басталғаннан бергі 20 жылдан астам уақытта біздің елде де оннан астам ірі орман өрті тіркелген. Оның ең қауіптісі әрі зардабы жағынан орасан зоры – Қостанайдағы алапат пен Абай облысында болған тілсіз жау.

6 ►►

САЛЫҚ САЛМАҒЫ КІМГЕ ТҮСПЕК?



Қыркүйектің басында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарға Жолдауында жаңа Салық кодексін әзірлеуді ұсынды.

СУРЕТТЕ ТҮРЛІ СИПАТ БАР



Әлемге саяхат жасау – көп адамның арманы. Әрі бұл арман оңай орындала бермейтіні тағы бар. Өйткені ол көп ақшаны талап ететіні белгілі.





ҰЙЫММЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕДИЦИНАНЫ ДАМУЫТАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Іс-шара Қарағанды облысында болған төтенше оқиға салдарынан қаза тапқан кеншілерді бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды. Отырыс барысында сенаторлар Қазақстан мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялады және депутаттық сауалдарын жолдады.

Палата отырысының күн тәртібіне сәйкес депутаттар «Астанада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік комитетінің 73-сессиясын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады.

«Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы – жаһандық маңызы зор, беделді халықаралық институттардың бірі. Бүгін мақұлданған заң Қазақстан Республикасы мен осы Ұйым арасындағы

ынтымақтастықты одан әрі нығайта түседі. Сондай-ақ Еуропалық өңірлік комитетінің сессиясында қабылданған шешімдер отандық медицина саласының дамуына да оң әсерін тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сон ымен қатар отырыс кезінде сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

Сергей Ершов қауіпті өндірістік нысандардағы апаттардың алдын алуға қатысты бірқатар жүйелі проблемаға назар аударды. Осыған орай депутат жеке өндірістік бақылау қызметін құруды ұсынды. Сондай-ақ ол Қарағанды облысындағы шахтада болған қайғылы оқиғаға кінәлі адамдарды қатаң қылмыстық жауапкершілікке тарту қажеттігін атап өтті.

Сүйіндік Алдашев еліміздегі өңдеу өнеркәсібі саласындағы түйткілдерге тоқталды. Палата Төрағасы бұл депутаттық сауал Мемлекет басшысының Жолдауда берген тапсырмаларын орындаудан туындайтынын айтты. Осыған байланысты, Сенат регламентіне сәйкес алдағы отырыс-

тардың біріне басшылық пен мүдделі министрліктердің өкілдері шақырылады. Олар мәселені талқылауға қатысып, сауалға толық жауап береді.

Жанна Асанова ауруханаларда реанимациялық және операциялық бөлмелер электр резервімен жабдықталмағанына алаңдаушылық білдірді. Сенатор ауылдық ауруханаларға ерекше назар аударатынын, аталған нысандарды үздіксіз қуат көзімен қамтамасыз етуге шақырды.

Дархан Қыдырәлі елімізде мемлекеттік архивтердегі қоймалардың толып қалғанын айтып, проблеманы шұғыл шешу қажет екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ ол мемлекеттік архивтердің көпшілігі қолданыстағы ережелерге сәйкес келмейтін ғимараттарда орналасқанына назар аударды.

Талғат Жүнісов агроөнеркәсіптік ғылымды дамыту ісін жандандыруды ұсынды. Сенатордың айтуынша, бірінші кезекте, еліміздің қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібін ғылыми-технологиялық дамытудың кешенді бағдарламасын қабылдау қажет.

қоғамдық өміріне араласуға шақырды.

Партия мүшелері бастауыш партия ұйымының қатарындағыларға халықты қолдауға, елді дамытуға бағытталған «Келергісіз келешек», «Бақытты отбасы», «Халыққа көмек», «Ардагерлерді ардақтаймыз» жобалары туралы жан-жақты айтып, атсалысуға шақырды.

Павлодардағы мұнай-химия зауытының БПҰ төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Мирас Хамитов партиялық жарнаның 20 пайызын қайтару тәжірибесін енгізудің арқасында «AMANAT» партиясының басшылығына және әріптестеріне көңіл бөлгені үшін алғысын білдірді. БПҰ өкілдері қолдан келгенше партиялық бастамаларды жүзеге асыруға атсалыса беруді тоқтатпайтынын айтты. Сондай-ақ бастауыш партия ұйымы алдағы уақытта да халық пен партия мүддесі жолында жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Берік БЕК



МАЖАРСТАНМЕН ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ



Мажарстан Премьер-Министрі Виктор Орбан Қазақстанға ресми сапары аясында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановпен кездесті.

Мәртебелі мейманды қарсы алған Мәжіліс Спикері казак пен мажар халықтарының тарихы тығыз байланысты екенін атап өтті.

Мәжіліс Төрағасы екі ел арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Президенті мен Мажарстан Премьер-Министрінің тұрақты кездесулері арқасында стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгенін айтты.

Ол Мажарстан Үкіметінің басшысын елдегі ауқымды рефор-

малар мен саяси жүйені қайта жаңғырту туралы ақпарат берді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа экономикалық саясаты аясында 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін екі есеге ұлғайту жоспарланғанына тоқталды.

Сондай-ақ Ерлан Қошанов «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидаты аясында Парламенттің рөлі мен мәртебесі күшейгеніне назар аударды. Қазіргі шақырылым Қазақстан тарихында ең көппартиялы болып отыр. Мәжіліс түрлі саяси көзқарас пен күштердің алаңына айналды, әйелдердің, ерекше қажеттіліктері

бар адамдардың және жастардың саны көбейді.

Әңгіме барысында тараптар достық топтары арқылы және басқа да алаңдарда парламенттік дипломатияның даму перспективаларын талқылады.

— Біз Мажарстандағы әріптестермен түрлі халықаралық форумда, соның ішінде түркі мемлекеттері парламенттік Ассамблеясының іс-шараларында жиі кездесіп тұрамыз. Бір жыл бұрын Мажарстан Мемлекеттік Ассамблеясы төрағасының орынбасары Шандор Лежак Қазақстанға келген болатын. Мәжілісте нәтижелі диалог болған еді, — деді Ерлан Қошанов.

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттардың талқылауына бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылды.

Бұл заң жобасы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесін ретке келтіру, оларды жүргізудің ашықтығын арттыру, кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекет мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету арқылы кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларын жақсартуға бағытталған.

Сонымен қатар депутаттар қоғамдық бірлестіктер мәселелеріне қатысты түзетулер бойынша заң жобасын бірінші оқылымда қарайтын болады. Заң жобасы азаматтық қоғамды одан

әрі дамыту және жаңа қоғамдық бірлестіктер құру тәртібін оңайлату мақсатымен әзірленді.

Алдағы жалпы отырыста Ресей Үкіметімен мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасын қарау көзделген. Сондай-ақ экспорттық-кредиттік агенттік және шикізаттық емес тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын ілгерілету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы екінші оқылымда қаралмақ. Құжат Мемлекет басшысының Жолдауын іске

асыру аясында «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ экспортты қаржылық қолдаудың бірінғай операторы үшін реттеуші режимді қалыптастыру мақсатымен әзірленді.

Палата комитеттері байланыс, цифрландыру және ақпараттандыру саласының инвестициялық ахуалын арттыру мәселелері туралы заң жобасын және бірқатар ратификацияланатын келісімді жұмысқа алуды жоспарлап отыр. Олар — Сингапур үкіметімен Инвестицияларды көтермелеу мен өзара қорғау туралы және Француз үкіметімен жаһандық жылынуға қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты іске асыру туралы арнайы келісімдер.

ЖЕМҚОРЛАР ТІЗІМІ АРНАЙЫ САЙТТА ЖАРИЯЛАНАДЫ

Елімізде жемқорлық қылмысы бойынша сотталған азаматтардың тізімі арнайы сайтта жарияланады. Мұны БҰҰ аясында Ташкентте өтіп жатқан аймақтық конференцияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бірінші қызмет басшысының орынбасары Жігер Байділдин айтты.

«Қоғамдық бақылауды күшейту үшін жемқорлар тізімін жариялау сияқты заңнамалық нормалар пысықталып жатыр. Егер лауазымды тұлға немесе шенеунікке қатысты сот үкімі шығатын болса, онда оны уәкілетті органдарда енгізеді. Бұл сайтта жария болады. Кез келген азамат онлайн түрде сол сайтқа кіріп, қандай лауазымды тұлға қаншаға,

қандай бап бойынша сотталды деген сияқты деректерді көре алады», — деп түсіндірді Ж. Байділдин.

Ол атап өткендей, паракорлар тізімін жариялау бойынша әуелі заңнамалық актілерді қабылдау қажет. Агенттік дерегіне, бекітілуі мүмкін ереже ешкімнің заңды құқығын шектемеуі және Конституцияның талаптарына қайшы болмауы тиіс.

Ведомствоның ресми өкілі Арман Тілеуқеновтің айтуынша, бұл жүйе жұмыс берушілер үшін тиімді болмақ. Нақты тоқталсақ, қандай да бір кандидатты қызметке алмас бұрын басшы сол сайтқа кіріп, ол үміткердің жемқорлық жасаған-жасамағанын біле алады.

Сот үкіміне сай жазасын өтеп, мемлекеттік қызметте жұмыс істеуіне салынған тыйым уақытын өткергеннен кейін реестрде тұрған азаматтардың деректері тізімнен алынып тасталуы мүмкін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет агенттігі әзірге бұл талаптарды пысықтап жатыр.



БИЗНЕС

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік немесе PPP (Private Public Partnership) институты әлемде өркен жайып келе жатқан, бұқараға да, бизнеске де игілік әкелетін тетіктердің бірі саналады. Ол халықтың өмір сапасын арттыруға, экономиканы көтеруге және инвестициялық әлеуетті арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан оны өзінде дамытуға көп жылдан бері күш салады. Үкімет бұл салада түбегейлі реформаны қолға алды. Нәтижесінде, МЖӘ тетігі әлеуметтік салаға бағдарланады.

Айхан ШӘРІП

МЖӘ ТЕТІГІ НЕГЕ ТОҚЫРАДЫ?
Қазақстанда инвестиция саласындағы мемлекет пен бизнестің серіктестік жобалары сонау 2006 жылы бастаған еді. Сонда «Концессиялар туралы» заңы қабылданып сонымен бір мезгілде 3 ірі инфрақұрылымдық жоба қолға алынды. Алда бұл заң жойылады деп жоспарланған. Концессия МЖӘ заңымен реттелетін болады. Үкіметтің 2008 жылғы 17 шілдедегі «Концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым құру туралы» қаулысымен тиісті орталық құрылды. 2015 жылғы 25 желтоқсанда бұл ұйым мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту органы ретінде қайта құрылды. Тиісінше, атауы да МЖӘ орталығы болып өзгерді. Сол 2015 жылы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңы да қабылданды.




БИЛІКПЕН ӘРІПТЕСТІГІ

ЖАҢА АЛЛА

Дегенмен мемлекеттік-жекешелік әріптестік кейінгі жылдары қатаң сынға іліге бастады. Мысалы, былтырғы 14 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел Президенті көптеген жоспар қағаз жүзінде қалғанына назар аудартты. Қ.Тоқаев ірі кәсіпкерлермен бірге МЖӘ схемасы бойынша көтерметарату орталықтарын (КТО) салу жобалары сол бойы жүзеге аспай қалғанына екпін түсірді. Салада дағдарыс барын МЖӘ орталығы да жасырмады. Мұны бекітілген МЖӘ шарттарының санынан байқауға болады. Атап айтқанда, ресми мәлімет бойынша 2005-2016 жылдары бизнес әріптестермен арада небәрі 17 шарт жасалыпты. Салалық заңның қабылдануы бұған серпін берген. Содан көрсеткіштер 2017 жылы – 149, 2018 жылы 279 шартқа дейін өсті. Яғни, алдыңғы он жылдың қоса алғандағы жетістігінен 16 еседен астамға артып шыға келді. Алайда содан кейінгі жылдары қалпымен құлдырап келеді. 2019 жылы – 261, 2020 жылы – 136, 2021 жылы – 189, 2022 жылы – 24, ал биылғы 2023 жылы 22 шартқа ғана қол қойылған. Тұтастай алғанда, осы жылдары жалпы құны 1 млрд 804 млн теңгенің 1 055 шарты бекітілген. Оның ішінде республикалық деңгейдегі ірі жобалары – 13 қана. Бұлардың жалпы құны – 920 миллиард теңге. Қалғанының бәрі, яғни 884 млрд теңге тұратын 1 042 шарт жергілікті ұсақ жобаларды жүзеге асыруды қарастырады. Сарапшылардың түсіндіруінше, МЖӘ шарттары санының кемуіне бірнеше себеп бар. Соңғы жылдары бұл тетік жеке инвестор, бизнес үшін күрделі әрі қызықсыз болып кетті. Біріншіден, оның аясында жемқорлық схемалары қанат жайғандықтан, оған құзырлы органдар қырағы назар аудара бастады. Сала

ТҮЛЕЙДІ



бүгінде бұрынғыдан қатанырақ реттеледі. Аудиторлар әр есепке шұқшия үніледі. Екіншіден, әріптестің шығыны артты. Бұған дейін жобаның 20% құнын қаржыландырып, қалғанын республикалық не жергілікті бюджетке артып, ары қарай дайын жобадан табыс табуға кірісуге болатын еді. Енді мемлекеттің әріптестік жоба шығыстарының кем дегенде жартысын, тіпті одан көбін өз мойнына алуға мәжбүр. Үшіншіден, мемлекеттің міндеттемелері аясындағы төлемдердің сомасы шектеліпті. МЖӘ жобасын әріптесімен қоса қаржыландырғанымен қоймай, мем-

лекет оның инвестициялық шығындарын өтеп беретіні, операциялық шығындарының өтемақысын жасайтыны, он және одан көп жыл қатарынан басқарғаны үшін сыйақыны да төлейтіні мәлім. Қазір сол соманың бәрі онтайландырылуда екен.

САЛА РЕФОРМАЛАНЫП ЖАТЫР
МЖӘ тетігін қайта форматтауды Үкіметке Президент тапсырды. 2023 жылғы 19 сәуірде өткен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев министрлер мен әкімдерге мемлекеттік-жекешелік әріптестік институтының әлеуетін, әсіресе әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда толыққанды пайдалануды жүктелді. Президент былтырғы желтоқсанда МЖӘ-нің жаңа моделін ендіруге бағытталған заңнамалық түзетулерге қол қойғанын еске салды. Оның айтуынша, жеке әріптестерді іріктеу рәсімдерінің айқындылығын қамтамасыз ететін шаралар қабылданды. Бұл жобаларға ұлттық компаниялардың, квазимемлекеттік сектордың қатысуы шектелді. Осы арқылы мемлекеттік емес, нағыз жеке бизнесті мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруға тарту үшін жағдайлар жасалды. МЖӘ және инвестициялар саласындағы тәуелсіз сарапшылар қауымдастығының басшысы Арман Тілеубаевтың пікірінше, масылдықты жою үшін де мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту қажет. Онсыз, мәселен энергетика, сумен жабдықтау, коммуналдық салалар қалпымен бюджетке қарап отыратын болады. Айталық, жылу-электр орталығын салуға, су, жылу құбырларын төсеуге бюджеттен қаржы бөлінбесе, олардың бәрі тек тоза бермек. Бизнес мемлекеттік сатып алулар мен бюджеттік инвестицияларды игеруге жаман үйренді. «Бұл психологияны түбірімен өзгерту керек. Таяуда Сенат депутаттарының бірі МЖӘ тетігіне қарсы шықты. Соған қарағанда, МЖӘ мемлекеттік сатып алулар саласындағы әлдекімнің мүддесіне қайшы келіп отырса керек. Бірақ ел Президенті бұл тетіктің ары қарай дамытылатынын қадап айтты және Үкіметке оны әлеуметтік салада ілгерілетуге бағытталған жеке, кешенді бағдарлама әзірлеуге тапсырма берді. Осының арқасында әлеуметтік саланың бюджетке ауыртпалығын

«Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарының» жобасын әзірлеп жатыр. Оған сәйкес, МЖӘ 5 бағытқа бағдарланатын болады, бұлар – жоғары білім, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, спорт. Бағдарлама келесі жылы іске қосылғанымен, қаржыландыру 2026 жылы басталады деп жоспарланған. Осылайша, кешенді жоспар бойынша МЖӘ жобаларына 2026 жылы – 133,6 млрд теңге, 2027 жылы – 92,3 млрд теңге, 2028 жылы – 64,4 млрд теңге, 2029 жылдан 2034 жылға дейінгі аралықта, яғни жыл сайын – 57,6 млрд теңгеден, содан кейін 2037 жылы – 20,2 млрд теңге, қорытынды 2038 жылы 3 млрд 613 млн теңге бағыттау ұсынылады. Бағдарламаға республикалық бюджеттен қаржы бөлінбейді. Бүкіл шығынды жергілікті бюджеттер және жеке инвесторлар көтереді. Құжатқа сәйкес, мәселен жоғары білім бағытында Үкімет мемлекеттік-жекешелік әріптестік институтын жатақханалар салуға жұмылдырады. Нәтижесінде, 9 жатақхана салынып, пайдаланылады. Бұл ретте небәрі 3 МЖӘ шарты ғана бекітілмек. Соның ішінде 1 МЖӘ шарты аясында инвестор Алматы қаласында 5 жатақхана салады. Тағы бір бизнес әріптесі 1 МЖӘ шарты шеңберінде Абай және Павлодар облыстарында 2 жатақхана тұрғызады. Үшінші әріптес 1 МЖӘ шарты негізінде Қызылорда және Маңғыстау облыстарында 2 жатақхана құрылысын бастауы тиіс. Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің мәліметінше, 2022-2023 оқу жылында Қазақстандағы студенттердің, магистранттардың және докторанттардың жалпы саны 626 208 адамға жеткен. Соның ішінде 2022-2023 оқу жылында 182 167 шәкірт оқуға қабылданыпты. Осыдан білім қуған жастардың саны қандай қарқынмен өсіп келе жатқанын байқауға болады. Жоғары оқу орындарында қазір 309 жатақхана және оларда 101 522 бірлік төсек-орын ғана бар. Министрлік білім алушылар санының жыл сайын ұлғаюымен бірге студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы да пропорционалды түрде өсіп бара жатқанын ескертті. Бүгінде 48 жоғары оқу орнында 61 435 төсек-орын тапшы. 25 мемлекеттік ЖОО-да 46 402, ал 23 жеке ЖОО-да 15 033 шәкірт баспанаға мұқтаж. Бұл тапшылықты жою үшін ғылым ордалары, министрлік жеке жатақхана және қонақүй иелерімен жалдау шартын жасасты. Жалға берілетін хостелдерде барлығы 6 865 студент тұрады, оның ішінде 5 727-сі – ЖОО студенттері және 1 138-і – колледж студенттері. «Атап өтер жайт, 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап студенттерді 100% жатақхана орнымен міндетті түрде қамтамасыз ету жөніндегі норма күшіне енді. Оны орындау үшін студенттерді, магистранттарды және докторанттарды жеке жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі жүзеге асырылуда. Бұл тетікті қолдану 2018 жылдан бері 40 662 төсек-орынға арналған 168 жатақханаға іске қосуға мүмкіндік берді. 30 мың төсек-орынды қарастырған жоспар асыра орындалды. Соның ішінде 2022 жылы 10 032 төсек-орынға арналған 44 жекеменшік жатақхана пайдалануға берілді. Алайда білім мен мамандық игеруші жастарды тез арада жүз пайыз қамтуға бұл тетіктің күші жетпейді. Сондықтан бұл салада МЖӘ тетігі қолданылуы керек», – деп түсіндірді Ұлттық экономика министрлігі. Нәтижесінде, МЖӘ объектісінің сметалық құнының 30%-ын – мемлекет, қалған 70% шығынын жеке әріптес көтереді. Құрылыс-монтаждау жұмыстары да соның мойнында. Жатақхана қолданысқа берілгеннен кейін жеке әріптес оны кем дегенде 6 жыл пайдаланып, табыс тауып, инвестициясын қайтара алады. Осы кезеңде оған әр студент, магистрант пен докторант үшін бюджеттен жан басына шаққандағы қаржыландыру төленеді. Кешенді жоспардың Денсаулық сақтау бағытында 2 облыста ғана жобалар жоспарланған. МЖӘ шеңберінде Батыс Қазақстан облысының Деркөл және Загаганск кенттерінде бір ауысымда 250 келушіге арналған емханалар салынбақ. Ұлытау облысының орталығы Жезқазған қаласында күніне 100 келушіге арналған емхана тұрғызылады. 90 мыңнан астам тұрғын тұратын бұл қалада тек 1 мемлекеттік емхана бар, онда тіркелген халық саны – 14 938 адам. Халықтың қалған бөлігі 8 жеке медициналық ұйымға бекітілген. Ол жеке ұйымдарда негізінен тар салалы мамандары да, қажетті диагностикалық жабдықтары да жоқ, бұл медициналық көмек көрсету сапасын төмендетеді. Спорт бағытында әзірге нақты жобалар жоқ. Оқу-ағарту бағытында қосымша білім берудің 20 нысанын, соның ішінде әрқайсысы 600 орындық 5 оқушылар сарайын, әрқайсысы 150 орындық 10 өнер мектебін, 260 орындық 5 оқу-сауықтыру орталығын пайдалануға беру жоспарланып отыр. Осы арқылы МЖӘ институты Президенттің балаларды тегін секциялармен және үйірмелермен 100% қамту және басқа да тапсырмаларын іске асыруға игі ықпал етуге тиіс.

**ЕЛДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ
СЕРПІН БЕРЕДІ**
Мемлекет басшысының тапсырмасымен Ұлттық экономика министрлігі

Соңғы жылдары орман өрті салдарынан жер жаһанның экологиясына келген залалды есептеп шығу мүмкін болмай қалды. Ал 2050 жылға қарай әлем ормандарында болатын қызыл жалын қазіргіден 30%-ға артуы мүмкін. Бұл деректі күні кеше БҰҰ жария еткен.

Жаңа ғасыр басталғаннан бергі 20 жылдан астам уақытта біздің елде де оннан астам ірі орман өрті тіркелген. Оның ең қауіптісі әрі зардабы жағынан орасан зоры — Қостанайдағы алапат пен Абай облысында болған тілсіз жау. Аң мен құсты былай қойғанда, талай адамның өмірін жалмаған орман өртінен келген нақты залал қазір есептеліп жатыр. Мұны Экология және табиғи ресурстар министрлігінен білдік.

Биылғы қыркүйек айының 28-і күні Бас прокуратурада орман шаруашылығы мен оны қорғау тәсілдері бойынша алқа отырысы болды. Отырысқа бейінді министрліктердің басшылары да қатысып, еліміздегі ормандарды қорғау саласындағы заңдылықтың жай-күйін талқылаған. Осы жиында Бас прокурор Берік Асыллов «Табиғи өсімнің төмендігі аясында өрттер мен бақылаусыз ағаш кесу орманның одан әрі қысқаруына әкеледі. Соңғы 5 жыл ішінде жалпы ауданы 610 мың гектар орманда 3 мың өрт болып, 30 млрд тенгеге жуық шығын келтірілді. Жыл сайын еліміз бойынша 600-ден астам өрт тіркеледі», — деп атап өткен болатын.

Еліміздегі орман алқаптарының кесіліп, не өртеніп кете беруі осылайша жиілей беретін болса, алдағы 90-100 жылда орман жамылғысы жойылып кету қаупі бар. Немесе орман орындарында кет балан жас өскіндер қалуы әбден мүмкін.

ӘЛЕМДЕ ҚАНША ОРМАН БАР?

Қазір жер бетінің 3 млрд гектардан астам аумағын, яғни құрлықтың 27-28% — орман алқаптары. Ғалымдардың болжауы бойынша, адамзат баласы өзінің жаратылысынан бергі өмірінде әлемді жапқан орманның көп бөлігін жойып жіберген. Әсіресе, бұл соңғы 200 жылдықта өте үлкен қарқынмен жалғасуда. Жер бедерінің 75%-ын алып жатқан орманнан қалғаны осы 3 млрд гектар екен. Жер шарындағы мемлекеттердің табиғи-климаттық жағдайына сәйкес әр елдегі ормандардың көлемі мен түрлері әрқалай. Мысалы, Бразилияда — 320 млн, Канадада — 264 млн, АҚШ-та — 195 млн, Анголада — 60 млн, Перуде — 57 млн, Колумбияда — 50 млн, Үндістанда 46 млн гектар орман бар. Ал бүкіл Африка



Ормандар, сендер оны қорғаңдар!

елдеріндегі орман қорлары 760 млн гектар жерді қамтиды. Бұрынғы Кеңестер Одағындағы орманның көлемі 816 млн гектар, яғни жер көлемінің 37%-ын алып жатты. Оның 50%-дан астамы бүгінде Ресейдің үлесінде. Бұл әлемдегі орманның 25%-н құрап отыр. Орталық Азия, Кавказ, Қазақстан аймақтарындағы орман көлемі Ресейдегі орман алқаптарының небәрі 3-4%-н құрайды. Соңғы 5 жылда әлемнің ондаған мемлекетінде алапат орман өрті тіркелді. Ал 2050 жылға қарай адамзат орман жынысына деген көзқарасын өзгертіп, біріккен жағдайда біржақты шешім қабылдасаса, әлемдегі орман өрті 30 пайызға артып, жер бедеріндегі жасыл жапырақты алқаптардың тағы да 30%-ын қара күйеге айналдырады екенбіз. Бұл мәліметті де сол БҰҰ жария еткен. Соңғы 100 жылда болған жойқын апаттардың қатарына биылғы Канададағы ахуалды қосуға болады. Қаңтар айынан елде 2 мыңнан аса алқап өртке оранып, 4,5 миллионға жуық гектар жер жанып кетті. Табиғат апатынан 100 мыңнан аса адам эвакуацияланған. Тілсіз жаумен мыңдаған өрт сөндіруші күрескен. Тіпті, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Африка, Испания, Франция жүздеген маманы шақырылып, өртті сөндіру үшін арнайы алгоритм жасалған. Ал 2019 жылы Аустралия да алапат орман өртінен зардап шеккен.

ҚАЗАҚСТАН ОРМАНЫ

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше, мемлекеттік орман қорының жалпы ауданы 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша 30 552,5 мың гектарды құрайды және бұл республика аумағының 11,2 пайызын алып жатыр. Орманды аймақтардың 13 635,3 мың гектары немесе жалпы ауданының 44,6%-ы арнайы министрліктің қарамағындағы орман мекемелерінің иелігінде, оның ішінде 7 335,9 мың гектары заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мекемелеріне бөлінген. Олардың қатарында 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 7 мемлекеттік табиғи резерват бар.

Одан басқа, комитеттің қарамағында «Республикалық орман селекциялық-тұқым орталығы», Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы мекемесі және шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып саналатын «Жасыл Аймақ» мекемесі бар.

Елімізде орман қорының санатына енгізілген өсімдіктердің 6 мыңнан астам түрі бар екен. Осының ішінде Қазақстанда ғана кездесетін ағаш түрлерінің қатарында шрнек шыршасының орны ерекше. Өкініштісі сол, орман өрті кезінде шрнек шыршаларының да біршамасы отқа оранған. Жалпы, Қазақстандағы орман қорының 50%-ынан астамы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының пайдалануына беріліп отыр. Орман өртінің аяқ асты тұтануына кей жағдайда адам не техниканың әсері де болатыны шындық. Одан бөлек, шаруашылыққа қажетті көп ағаштың оталып кететіні тағы бар. Республикада жыл сайын 506 мың м² ағаш кесіліп, 94 мың м² кеспе ағаш материалдары шикізат ретінде дайындалады. Дегенмен соңғы кезде ормандардағы ағаштарды жаппай кесу, өрт, ауа райының қолайсыз жағдайларының (қатты жел соғу, ұзақ уақыт жауған нөсер жаңбыр, т.б.) кесірінен ағаштардың құлап өз тіршілігін жоюы



жиі кездесуде. Нәтижесі белгілі, орман алқаптары азайған үстіне азаюда. Орман алқабы қанша аз болса да, қазақ даласында орта есеппен әр жылда 600-ден астам орман өрті дерегі тіркеледі екен. 2022-2023 жылдары бұл көрсеткіш 3 мыңға жеткен. «Еліміздегі орман өртінің жиілеуі соңғы кездері болып жатқан аптап ыстықтың салдарынан деп айтсақ болады. Біз климатты алдын ала болжау арқылы жасыл желектерімізді қорғап қала аламыз. Ол үшін орман шаруашылығы саласына ғалымдарды да көптеп тарту қажет. Мәселен кешенді түрде айналыспасақ, біржақты жүру экологияға да, экономикаға да тиімсіз болары шындық. Өрттің алдын алу шараларын жүргізумен қатар жалын шарпыған аумақтарды қайта қалпына келтіру кезінде ғылым мен технология міндетті түрде бірлесіп жұмыс істеуі керек», — дейді С.Сейфуллин атындағы Қазақагротехникалық зерттеу университетінің Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта факультетінің деканы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Жұмағұл Танатқанұлы.

ӨРТЕНГЕН ОРМАН, КҮЙГЕН ЖЕР

Екі жыл қатарынан елімізде болған ірі орман өртіне белгілісі — біздің елде орман өртін сөндіру мен өрт кезінде болатын әрекет, іс-қимылдың өте салғырт екені. Расын айту керек, бұл келенсіздік жағдайды біршама қиындатып отыр. Салдарынан мамандардың өрт кезінде тіпті өздерін қорғау алгоритмінің болмауы орны толмас өкінішке әкелді. Мұндай олқылықтардың барын Абай және Қостанай облыстарында болған ірі өрттерді тексеру және тергеу барысында прокурорлар анықтаған. Атап айтқанда, өртті сөндірудің нақты алгоритмдерінің жоқ болуы; Экология және Төтенше жағдайлар министрліктерінің бөлімшелері арасындағы тиісті өзара іс-қимылдың болмауы; өртті ерте анықтау жүйелерінің болмауы; техниканың тозығы жетіп ескіруі; орманшылардың өртті жедел сөндіруге дайындығының болмауы көп қиындық келтірген. Әсіресе, техниканың ескіріп, тіпті жүрмейтіндей деңгейде болуы көптің ашуын келтіргені шындық. Тіпті, кейбір орманшылық бөлімдерде тұрған техника 1970 жылдары әкелінгені туралы ақпаратты көрген көпшілік еріксіз танданған еді. Осыған байланысты ел Үкіметі біршама жағдайды реттеуге кірісті. Ал төтенше жағдайларға әкеп соққан себептер мен жағдайларды жою мақсатында Бас прокуратура Үкіметке ұсыныс

енгізді. Бұл құжатта орманды заңсыз кесуге қарсы күрес, сондай-ақ орман мекемелерінің алқаптарды молайту, оның ішінде Астананың «жасыл белдеуін» кеңейту жөніндегі іс-шараларды сапасыз жүргізуі мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бас прокурор сондай-ақ осы саладағы әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылықтардың анықталуының төмендегенін атап өтіп, орман ағаштарын ұрлаудың заңсыз схемаларының жолын кесу жөніндегі жобаларын тапсырған. Бұл ұсыныс пен заң жобалары әзірге қаралып жатыр. Бірде Орман шаруашылығы комитеті, бірде басқа болып аталған еліміздің орманшылық саласы қазір Экология министрлігіне қарайды. Ел тарихының 30 жылдық кезеңінде бұл сала Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Экология министрлігінің екі ортасында бақандай 13 рет ауысып, қайта таратылып, бірнеше рет жаңадан жасакталған екен. Сарапшы

арнайы хабарластық. Маманның айтуынша, 2022 жылдың 2-10 қыркүйек аралығында Қостанай облысы Әуликөл ауданының Басаман және Семиозер орман шаруашылығы мекемелерінің орман қоры учаскелерінде ірі орман өрті салдарынан жалпы ауданы 39 772,4 гектар, оның ішінде орманмен қамтылған 32 393,7 гектар аумағы өртке оранған.

Қазір мемлекеттік орман қорында ірі өрттің салдарын жою бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр екен. Орманды қалпына келтіру жұмыстары барысында көшет отырғызуға дайындау жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді. Кесілетін ағаштарды бөлу, ағаштарды кесу және орнына орман отырғызу үшін алаңдарды дайындау сияқты жұмыстар атқарылуда. «Жалпы, орманмен жабылған алаңда бүгінде 7,5% жұмыс орындалды. Жанған орман алқаптарында облыстың 11 орман мекемесі жұмыс істеді. Ал өрттенген аумақтың бір бөлігіне көшет отырғызылды. Нақтырақ айтсам, 2022 жылдың қыркүйегінде Семиезерное мекемесінің Новонезжинское орманшылығының 4,3 гектар жеріне 4 050 дана көшет отырғызылды. 2023 жылы шілде айында көшеттердің кебу, қурау себептерін анықтау мақсатында орман-патологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Көшеттердің кебуінің негізгі себебі жауын-шашынның аз болуы. Осы жылдың күзінде орман дақылдарына түгендеу жүргізілді, оның барысында көшеттердің 37%-ның өмір сүруге мүмкіндігі бар екені анықалды. Қазір орманды толықтыру үшін ұсыныстар жасалып жатыр», — дейді Азат Майлыбайұлы.

ОРМАНШЫНЫҢ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығын дамыту басқармасының басшысы Мәди Нұрпейісовтің айтуынша, қазір орманшылардың әлеуметтік тұрмысынан бастап қызметтегі бар жағдайлары жіті тексеріліп, барынша қолдау көрсетіліп жатыр.

Осы жылы орман шаруашылығы саласын қайта жаңартып жасақтауға бюджеттен арнайы қаражат қарастырылып, қазынадан 13,5 млрд теңге бөлінген. Жыл соңына дейін барлығы 29 өрт сөндіру автомашинасы, 59 шағын өрт сөндіруші кешен, 151 трактор, 58 патрульлік автомашина сатып алынбақ екен. Ал Семей орманы орман шаруашылығына биыл 10 өрт сөндіру машинасы, 14 шағын өрт сөндіру кешені, 8 өрт тіркемесі және басқа да қажетті құралдар жеткізілуде. Бір ғана «Ақ Ертіс» қоғамдық қоры Семей орманына 5 шағын өрт сөндіру кешені, өрт сөндіруші техникаға арналған 15 қозғалтқыш бөлшек, 20 мотопомпа, 4 өрт сөндіру автомашинасын беруді ұйғарып отыр. Одан бөлек, 330 радиостанса және 150 автомобильге арналған радио антеннасы сатып алынбақ. Сонымен қатар Үкімет резервінен 918 млн теңгеге 4 400 жыңды орманшылар киімі үшін деп қаражат бөлінген екен. «Сондай-ақ орман өртімен күресу жолдарын жетілдіретін нормативтік құжаттар қайта қаралып, шетелдік тәжірибелер де қолданылатын болады. Алдымен барлық өңірдегі орманшылардың білімін жетілдіру шараларын ұйымдастырып жатырмыз. Бұл жұмыстар еліміздің қорғаныс саласының мамандарымен бірлесе атқарылуда. Алғашқы оқу курстары осы қараша айында басталады. Себебі қарашадан наурыз айы аралығы еліміз үшін орман өртінен қауіп болмайтын уақыт. Біз осы уақытты тиімді пайдаланып, орманшыларымыздың біліктілігін арттырып, дайындығын пысықтаймыз. Оқытудың жаңаша методикасын құрдық. Енді мамандарымыз кенестік үлгідегі ережемен емес, заманауи үлгіде білімін жетілдіретін болады. Сонымен қатар еліміздің барлық орманшылық мекемесінің ең биік нүктелеріне өздігінен басқарылатын құрылғылар орнатыла бастады. Бұл құрылғылар ақылды технологиялар санатына жатқызылып отыр. Құрылғылардың көмегімен орман өртін ерте анықтау мүмкіндігі бар», — дейді Орман шаруашылығын дамыту басқармасының басшысы Мәди Нұрпейісов.

Орман шаруашылығын дамыту басқармасының мәлімдеуінше, Президенттің тапсырмасынан кейін еліміздегі барлық орманшының жалақысы шілде айынан бастап 100%-ға көтерілген. Сондай-ақ келісімшарт негізінде жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы 70%-ға өскен.

Еліміздегі тіркелген орман өрттері алдағы уақытта қателікті болдырмау керек екенін хабар беріп тұрғандай. Әйтпегенде, уақыт өткен сайын өрші түскен ғаламдық жылынудың салдары өзінің зардабын да мол етпек.

Бердібек ҚАБАЙ



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

шілер, қызмет көрсету саласындағы ұсыныстар атымен жасырылады.

«Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік органдардың, OLX Group және еріктілердің арасында ортақ жұмыс чатын құрды. Онда күдікті хабарландыруларға сілтемелер орналастырылады, жедел тексеруден кейін мұндай жарнамалар дереу жойылады», – дейді Ішкі істер министрлігі.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Саркытбай Құсайынов.

Хабарландыру агрегаторларын бақылаудан басқа, полиция есірткінің таралуы туралы ақпаратты қамтитын сайттарды, жазбаларды, блогтарды және жарнамаларды анықтау үшін интернет кеңістігін бақылауда ұстауда.



Ахмет Байтұрсынұлы дегенде көп айтыла бермейтіні – оның композиторлық қыры. Ағартушы, саясаткер, ғалым, ақын, жазушы адам ән шығармады деуге күмән да болмауы керек еді. Алайда «Аққұм», «Қарагөз», «Қарғаш» және тағы басқа әндеріне қатысты дау-дамай көп айтылады. Оны Ахаңа телігісі келмегендер «халық әні» деп жұбатып жүр. Тіпті, «Аққұмды» Ақан серінің әні деп айта-тындар да бар. Алаш арысы ақталғанға дейін Ахаңа тиесілі дүниенің көбі халықтікі болып кеткені жасырын емес. Көпшілік ол кісінің атын да, затын да атауға қорықты. Ол заман келмеске кеткен. Қазір Ахмет Байтұрсынұлы есімін қайта ұлықтап жатырмыз. Осы тұста ол кісінің әндерінде қайта жаңғырту маңызды екені даусыз. «Аққұмды» да, «Қарғаш» пен «Екі жиреннің» де Ахаң әні екенін дәлелдеп, шырылдап жүрген бір азамат бар. Ол – Ерахан Қабылов. Біз бүгін ол кісінің «Ақкөл оқиғасы» туралы жазбасын жариялап отырмыз.

АҚКӨЛ ОҚИҒАСЫ

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы қыркүйектің 5-ші жұлдызында Торғай уезі Тосын болысы нөмірі бесінші ауылында Сартүбек қыстағында өмірге келді. Заманында Шақшақ Жәнібек Қошқарұлының немере бауыры Үмбетей Байсейітұлының ұрпақтарына еншіге берген жері — қазіргі киелі Ақкөл елді мекені. 1936 жылы Мәскеудегі 10 күндік айтыста, атакты Жауыр торы атанған дүлдүл ақынымыз Нұрхан Ахметбеков атамыз: «Торғайдан сәлем» деген өленінде елді, жерді мадақтай келе:

— Ақ балығы биедей,
Шортаны атан түйедей
Ақкөл деген көлім бар, — деп жырға қосады.

Байтұрсын мен Күнше шаңырағында дүниеге келген Ахмет терең ойлы, ақылды, ерекше бала болып өседі. Көп уақытын Ақкөл көлінің жағасында өткізіп, өзіне бір тылсым күш иесімен сырласып, сурет салып, жазу жазып жүреді. Ахметке Алла Тағала берген қасиеттерді, бірінші Байтұрсынның анасы Жексен әжеміз байқайды. Байтұрсын мен Күншеге «Анау Ахмет аспандағы Тәңірмен сөйлеседі», — деп әжеміз бірнеше рет айтып жүреді екен. Байтұрсын Ахметті ауыл молдасы Тұрғынбек Жалбырұлы атамызға ескіше оқуға береді. Оқумен қатар Ахметті 8 жасында домбыра үйрену үшін өзімен сыйлас Торғай елінің белгілі ақыны Аққұм ауылының тумасы, Қыпшақтың Қитаба руынан Еділ Қапал атасынан тарайтын Есенжол Жанұзақұлына аманат етіп тапсырады. Жастығына қарамастан терең білімді де, білікті, еркін мінезді, ойшыл жас Ахметтің ел ішінде беделі өсіп, салмағы арта бастайды. Байтұрсынның шаңырағына қонақ болып келген Торғай елінің біртуар ұлы, көріпкел, дарынды да, арқалы ақыны Сейдахмет Бейсенұлы оннан жаңа ғана асқан Ахметтің зеректігін, терең ойшыл, болашағына үлкен үмітпен қарайтынын байқап, арнайы өлең шығарған екен.

Торғай елінде ақындардың атасы Уақ Жұмабай ақын өмір сүреді. Бір отырыста Жұмабай ақын жиналғандардың арасында кішкентай Ахметтен көп үміт күтетінін, түбі қазақ елінің маңдайына біткен оқымысты ғалымы, қазақ елінің, қазақ ұлтының нағыз жанашыры болатынын айта келе «Алтын інім» деп жоғары баға береді.

Осылай уақыт жылжып өтіп жатады. 1885 жылы 12 қазанда Жыңғылды өткелінде «Актас — Байтұрсын» оқиғасы болып, ағайынды үш жігіт Актас, Байтұрсын, Данияр (Сабалақ) және оларға еріп, Актас атамыздың үйіндегі Үбіжан әжемізді Сібірге жер аударып жібереді. Байтұрсын баласы Ахметке болашақта оқу керегін айтуға ғана шамасы келеді. Артта анырап туған-туыс, бала-шаға және балалармен үйге ие болып жан жары Күнше, туған елі Ақкөл қалады. Бұл оқиға бүкіл Үмбетей ұрпақтарын есенгіретіп тастайды, бірақ тіршілік жалғаса береді. Ахмет Нұқа құрдасы екеуі үйдегі мал-жай мен үй шаруасына көмектеседі. Нұқа құрдасы Ахметке Аққұм ауылында Інкәр деген сұлу қыз бар екенін бірнеше рет қайталап айтып жүреді. Бірақ Ахмет Нұқа құрдасының сөзіне онша мән бермейді. 1886 жылы жаз шыға «Айғожа Қаратұз» жеріне жақын «Жыланшық»

өзенінің бойына көшіп келген Айғожа атамыздың ұрпақтары «Құдайы ас» беруге бүкіл Үмбетей ұрпақтарының басын қосып, қонаққа шақырады. Құдайы асқа Үмбетей ұрпақтарымен қатар, Ақкөл көлінің бойында мекен ететін басқа рудың адамдары, нағашы жұрт, құда-құдағилар, сонымен қатар Аққұм ауылынан Есенжол Жанұзақұлы, Бөгенбай Сал жанұяларымен шақырылады. Ақкөл көлін мекендеген ағайындар барлығы ұйымдасып, бірге баратын болып шешеді. Тура асқа баратын уақытта Күнше әжеміз сырқаттанып қалады. Ахмет Нұқа құрдасымен, ағайындарымен қосылып, Айғожа Қаратұзындағы Құдайы асқа келеді. Аққұмнан Бөгембей Сал, бәйбішесі Бағила, қызы Інкәрді ертіп, олар да асқа келеді. Бірнеше қатар тігілген киіз үйлерге келген қонақтар қазақтың салт-дәстүрлерімен өздерінің жолдарына қарай орналасады.

АҚҚҰМНЫҢ БІР ҚЫЗЫ БАР ІНКӘР АТТЫ...


Жастардың киіз үйлері арнайы алтыбаканға жақын құрылған. Алтыбаканның маңында бір топ жас ән шырқап көңіл көтеруде. Ахмет Нұқа құрдасымен мініп келген аттарын жайғастырып, жастарға бет бұрады. Көптен кездеспеген бауырларымен амандық сұрасып тұрған бойында Нұқа құрдасы Ахметке Аққұмнан келген құдашалардың арасынан

үштен он төрт жасқа қараған Ахметтің өміріндегі әні мен сөзі қатар жазылған тұңғыш туындысы деуге болады.

— Аққұмның бір қызы бар Інкәр атты,
Сөзі бар алуан шекер балдан тәтті.
Адамның өзі көрген абзал екен,
Айтайын өлең қылып перизатты.

Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілімнің қуанышты дәурені едің.
Ойымнан жатсам, тұрсам еш кетпейсің,
Басымды не сиқырмен әуреледің.

Осылай «Аққұм қызы» әні бүкіл Торғай еліне тарайды. Науқастанып, төсек тартып жатқан Есенжол Жанұзақұлы Ахметтің «Аққұм қызы» әнін естіп орнынан тұрып, атына мініп, Сартүбекке бет бұрып, арнайы Ахметке келіп мандайынан сүйіп, екі жасқа мәңгі бірге болуға тілегін өлеңдетіп жеткізген екен (түсініктеме: бұл өлеңдетіліп жеткізілген батаны менің атама туған нағашысы Қитаба руынан шыққан ақын Серғали Серікұлы табыстаған).



1926 жылы Ахмет Ақкөлге келіп, Қали ағасына ас берген екен. Осы жолы туған-туыстарын қимастықтан екі ән шығарады. «Елден жырақ», «Ахау достар» әндерін туған-туыстарының ортасында орындап беріп, Ең жақсы көретін бауыры Бекболаттың Ахметіне үйретіп, «Мен де алдымда не болатынын білмеймін?», «Бұл асты маған да берген ас деп ойлаңдар» деп айтады жиналғандардың алдында. Ахаң сол жолы барлық әні мен күйін Бекболаттың Ахметіне аманат етіп тапсырады.

— Ахметтің шығарған Аққұм қызы,
Жетті ғой құлағыма желдей есіп,
Бойыңа туа біткен асыл қасиет
Жеткізер биік таудың шыңдарына
Аққұмның құмында өскен Інкәр қызды
Шомылдыр Ақкөліңнің айдынына,
Мәңгілік қос аққудай бірге болып
Бөлініңдер Алланың рахымына.

Байтұрсынның бауыры Ерғазы Ахмет пен Спандияр екеуін бірдей Торғайға оқуға түсіруге шамасы жетпейтінін ашық айтып, екеуіне таңдау жасатады. Спандияр да өте білімді, өзіне сенімді екенін біле тұра, оқуға Ахметті жіберуге жолын береді. Сонымен, барлығы келісіп, Торғай қаласына оқуға түсуге Ахметті жібереді. Торғай қаласына анасы Бағиламен қыдырып келген Інкәр оқуда жүрген Ахметпен кездесіп, жақынырақ танысады. Екі жас сырласып жүргенде махаббат хикаялары басталып кетеді. Ақкөлге демалысқа келген Ахмет атына мініп Аққұм ауылына барып, Інкәрмен кездесіп жүреді. Осылай қуанышты шақтарында Інкәрдің сұлулығы мен ақылдығына көзі жеткен Ахмет екінші «Қаракөз» әнін шығарып, ақ қағазға түсіріп, Інкәрдің қолына ұстатып сыйға тартады.

— Құдайдың құдіретіне таңғаламын,
Жолында бір ғашықтың зарланамын.
Ішімді ғашық оты жандырады,
Сыртыма шығаруға арланамын.

Қайырмасы:

Ей-ей сұмбіл шаш
Беу-у, жұбайым
Болбы-ау уайым
Жан сәулем, айта берін,
Не қылайын?

Әппақ етің қояндай
Шошып сәулем оянды-ай.
Ғашық болған қаракөз
Қызығыңа тоя алмай...
Араға бірнеше уақыт салып
Аққұмға барған
Ахмет «Қарғаш» әні мен

сөзін өзі жазып, арнайы қағазға түсіріп, оны да Інкәрға сыйға тартады.

— Ақдидарын көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.
Сен есіме түскенде, беу қарғашым,
Кемесіндей дарияның бұраңдаймын.

Жылқым жатыр, Ақкөлдің шаңдағында,
Кімдер сері болмайды бойдағында.
Қыз кеткен соң ауылдан қызық кетер,
Келіп, кетіп жүрсейші ойнағыңа.

Орынбордан демалысқа келген Ахметті неше түрлі ой мазалай бастайды. Оқу бітіруге бір жыл қалғанда Орынбор қаласына Інкәрді өзімен ертіп кету ойы мазалай береді. Өзінің сенімді бауырлары Нұқа мен Бекболаттың Ахметі үшеуі отырып ақылдасып, бірге жоспар құрады. Нұқа құрдасы екеуі Аққұмға барып Сартүбекке алып келетін болып шешеді. Бекболаттың Ахметіне ауылда қалып, барлық мәселені қадағалап отыруға және Інкәрді ауылға алып келген уақытта туыстарға хабар таратып, сүйінші сұрау тапсырылады. Осылай бір



қимамаймыз ба?

Аллаға сыйынып, Ахмет пен Нұқа Аққұм ауылына жол тартады. Жоспар бойынша түс уақытында жолға шыққан Ахмет пен Нұқа кеш батқанға дейін Інкәрмен үшеулетіп, Сартүбекке келуі керек. Кешкі уақыт болады, бірақ Аққұм жактан ешқандай хабар болмайды, олар кешіккен сайын Бекболаттың Ахметі де алаңдай түседі. Келесі күні кешке қарай Аққұмнан Ахмет пен Нұқа аман-есен оралады. Қастарында Інкәр болмайды. Ахмет мінген аттың жал-құйрығы күзелген, Бекболаттың Ахметі бір сұмдық оқиғаны сезгендей. Осы күнді есіне алған Бекболаттың Ахметі оқиғаны былайша еске алады: «Қабағы салыңқы, өте жүдеу күйде. Сөйтсе, Інкәрмен кездесе алмаған. Ахмет қатты назаланды. Сабаз артының осылай болатынын жорыды ма екен, жылап отырып біраз әңгімесін айтады».

Осы оқиғадан кейін Ахмет Аққұм ауылына баруын тоқтатады. Бірақ Інкәрдің өзіне адалдығын, ешқандай жазықсыз екенін Бекболаттың Ахметіне айтады екен. Аққұмнан келген Ахметтің мініп жүрген атының құйрық жалы күзелгенін көрген біздің рудын сол дәуірдегі бір ақсакалы «Енді Ахметтің өмірі не болар екен?» деп алаңдаушылық білдіріп, жылап алған екен. Бұл оқиға Үмбетей ұрпақтарына қатты батады. Осы оқиға Ахметтің «Екі жирен» әнінің шығуына тікелей себепкер болады.

— Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Әридаш-ай, әридаш-ай,
Түскенде сен есіме беу, қарағым,
Сағынып сарғаямын санаменен.
Әридаш-ай, әридаш-ай.
Ахау екі жирен, жалын түйген,
Жалғанда ғашығым сен, жаным сүйген
Әридаш-ай, әридаш-ай.
Жан құрбым, сөз сөйлеймін көрген зардап,
Кетпеймін күдер үзін ақ сұқарым.
Әридаш-ай, әридаш-ай,
Көңілімде сен дауалық болмаған соң,
Ойымда толып жатыр арыз арман!
Әридаш-ай, әридаш-ай,
Ахау екі жирен, жалын түйген,
Жалғанда ғашығым сен, жаным сүйген
Әридаш-ай, әридаш-ай.
Ғызатлу хат жазамын, қалқам саған,
Самарқау, осы күнде көңілім шабан.
Әридаш-ай, әридаш-ай.
Мұғалақ екі дүние бірінде жоқ,
Дарига осыменен өтті заман.
Әридаш-ай, әридаш-ай.
Ахау екі жирен, жалын түйген,
Жалғанда ғашығым сен, жаным сүйген
Әридаш-ай, әридаш-ай.

1926 жылы Ахмет Ақкөлге келіп, Қали ағасына ас берген екен. Осы жолы туған-туыстарын қимастықтан екі ән шығарады. «Елден жырақ», «Ахау достар» әндерін туған-туыстарының ортасында орындап беріп, ен жақсы көретін бауыры Бекболаттың Ахметіне үйретіп, «Мен де алдымда не болатынын білмеймін?», «Бұл асты маған да берген ас деп ойлаңдар» деп айтады жиналғандардың алдында. Ахаң сол жолы барлық әні мен күйін Бекболаттың Ахметіне аманат етіп тапсырады.



МЕНІҢ «БОЛАШАҒЫМ»

Менің тегім қазақ халқының тұрмысында мінсе көлік, жорытқанда серік әрі адал қызметші бола білген «Кәрібоз қартайғанда жорға шығады» деп келетін қанатты сөздің түп төркінінен бастау алатын жылқы жануарының киелілігімен тікелей байланысты.

Мен 1978 жылғы 12 шілдеде Қызылорда облысы Қазалы ауданы Құмжиек ауылында дүниеге келдім. Кәрібоз атамның үлкен ұлы, бүгінде профессор Бағдат Кәрібозұлының қызымын. Ата-анам ол кезде Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының қазақ әдебиеті және қазақ тілі факультетінің студенттері. Алғаш мектеп табалдырығын да Құмжиекте аттадым.

Кәрібоз атам ел арасында сөзге шешендігі әрі қасының ерекше қоюлы-ғынан «Кәрібоз шешен» атанып, ауылдағы руларды татуластыру мен елдестіруде халық билігінің маңызды өкілі болған. Кішкентайымнан атама үздіксіз адамдар келіп, кеңесі мен батасын алғандарын көріп өстім. Атамның айтқан аңыз-әңгімелерін ерекше құштарықпен тындап, дәптерге жазып жүргенім әлі есімде.

«Елдестіркем — елшіден» деп дана халқымыз айтқандай, мен де Кәрібоз атамның жолын қуып, 1995 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің алғашқы қазақ тобына оқуға түстім. Тәуелсіздігіміздің сол бір алғашқы жылдары біз еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтан бастап, бүгінде жанның әртүрлі мемлекеттеріндегі Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшілерінің дәрістерін тындау бақытына ие болдық.

2000 жылы үздік түлек ретінде еліміздің Сыртқы істер министрлігіне жолдама алып, марқұм сіңлім Гүлнұрыммен бірге тау бөктеріндегі ару Алматыдан Сарыарканың өрі, еліміздің төрі бас қаламыз Астанаға келдім.

Сыртқы саяси бағыттағы қызмет барысында отбасындағы тәлім-тәрбие, еліміздің тарихы мен мәдениетін дәріптеу, келіссөздерде жеңіске жетуде өз саланды жетік менгерудің маңызын ұғандым. Жас дипломат ретінде шетелдік басшылардың мемлекеттік және ресми сапарларын ұйымдастыруға етене араластым. 2003 жылы тәуелсіз Қазақстанның көпұлтты мемлекет ретіндегі тарихи бастамаларының бірі — Әлемдік жасөспірімдерді діндер көшбасшыларының І съезінде Израиль мемлекеті делегациясының қатысуына атсалыстым. Бұл менің дипломатиялық тәжірибемде үлкен әсер қалдырған оқиға болды.

2007—2009 жылдары сол кездегі Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаевтың шақыруымен бір топ жас мамандармен бірге, енді ғана ашылып, жұмысын бастап жатқан ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының әкімшісі — Халықаралық бағдарламалар орталығына бас менеджер ретінде қабылдандым. Қызу еңбектегі жаңа бастамаларым қолдау тауып, көп ұзамай орталықтағы Оқу-ғұлымдастыру және мониторинг басқармасының басшысы лауазымына тағайындалдым. Президенттік стипендия иегерлерін академиялық оқуға орналастыру, оқуын қадағалауға жауапты болып, шетелдің үздік жоғары оқу орындарымен серіктестік орнатты, «Болашақтың» көкжиегін кеңейтуге өз үлесімді қосуға мүмкіндік алдым.

2009 жылы әлемнің экономика мектептерінің көшбасшысы саналатын Лондон экономика мектебіне (LSE)

оқуға қабылдандым. Әлемнің қатардағы емес, маңдайалды білім ошағында оқу арманым еліміздің тәуелсіздігі және адами капиталды дамытудағы ең сәтті ұлттық жобасы — «Болашақ» бағдарламасының арқасында орындалды деп айтуға толық негіз бар.

Мемлекеттік саясат және басқару саласындағы ғылым магистрі дәрежесіне оқу барысында басты түйгенім — мемлекеттік басқарудағы қандай да бір орта-және ұзақмерзімді бағдарламаларды жоспарлау мен дайындау, іске асыруда олардың келешек ұрпаққа қатысты әділдігін терең зерттеу және жағымсыз салдарларын болдырмауға қол жеткізу, кепілдік ету өте маңызды. Сондықтан да болар, менің қазір зерттеп және дәріс оқып жүрген бағыттарымның бірі — этикалық көшбасшылық.

баевтың қолдауын ерекше атап өткім келеді.

Соның ішінде 2020 жылы Үкімет қаулысымен стипендияға үміткерлерді іріктеудің жаңа ережесі қабылданды, әлемдік үздік жоғары оқу орындарының тізімі түзіліп, басым мамандықтар тізбесін жасақтау талаптары өзгерді, үміткерлерді іріктеу кезеңі толық автоматтандырылып, онтайландырылды, ауылдық жастар үшін жеңілдіктер ұсынылып, мемлекеттік тілді игеру талаптары күшейтілді, «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің тиімділігі бойынша арнайы Bolashaq Impact Report—1 зерттеуі жүргізіліп, түлектермен жұмыс та жаңа сапалы деңгейге шығарылды.

«Болашақ» халықаралық стипендиясының әкімшісі — Халықаралық бағдарламалар орталығына оралудағы үлкен жауапкершілік пен тарихи миссиямды ерекше сезіндім — ол талай жас-



Bolashaq Impact Report—1 бағдарлама тиімділігі бойынша зерттеу нәтижелеріне тоқталатын болсақ, бағдарлама түлектерінің жұмыс берушілерінің 90%-ы түлектердің тек білімі, кәсіби біліктілігі ғана емес, сонымен қатар олардың көшбасшылық, моральдық және коммуникативтік дағдыларын ерекше атап өтіп, өз ұйымындағы болашақтықтарды «оң өзгеріс агенттері» деп жоғары бағалаған. Бүгінде болашақтықтардың шамамен 52%-ы орта және жоғары буын басшы деңгейіне өссе, 10%-ы өз кәсіпорнын ашып, халықты жұмыспен қамтамасыз етуде.

Әлеуметтік маңызы зор екі салаға ғана сараптама жасайтын болсақ, денсаулық сақтау саласында 1 000-нан астам түлек болса, зерттеуге сәйкес осы саладағы түлектер жылына күрделілігі әртүрлі 200 мыңнан астам ота жасайды.

“
Білім беру және ғылым саласында 1,5 мыңға жуық түлектер болса, олардың алды еліміздің іргелі білім ошақтарының ректор-проректорлары, декандары, аға оқытушы-ғалымдары еліміздің жоғары білім және ғылым саласын ілгерілетіп, білікті мамандар дайындап, халықаралық қауымдастықта ойып тұрып орын алатындай адал қызмет етуде.



банктің ірі қалалардан аймақтарға бет бұрып, маңызды инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салу бастамасында өз қолтанбамның бар екендігін мақтанышпен айта аламын.

2018—2019 жылдары еліміздің білім беру саласындағы маңызды жобаларды іске асырушы, бетке ұстар ұлтжанды азаматымыз Рауан Кенжеханұлының шақыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының танымал ғалымдары жазған оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасына зор қызығушылықпен қатыстым. Жоба аясында Еуропадағы ең ірі қашықтан оқытатын білім ордасы — Open University—мен ынтымақтастықты орнаттым.

2019 жылы елге оралып, «Болашақ» халықаралық стипендиясының әкімшісі — Халықаралық бағдарламалар орталығын 2022 жылға дейін басқардым. Осы сындарлы кезеңде «Болашақ» бағдарламасының тиімділігін арттыруда Мемлекеттік хатшы — Шетелде кадрларды даярлау жөніндегі республикалық комиссия төрағасы Қырымбек Көшер-

туралы Covid-19 пандемиясы кезінде, соңғы кездері сұрақ жиі қойылып келеді. Менің, барлық елге қызмет етіп жатқан болашақтықтардың жауабымыз — сөзсіз «Болашақтың» болашағы зор және ол әлі де мыңдаған жастардың шетелде озық білім алуына мүмкіндік беретін баламасы жоқ бағдарлама.

Бағдарламаның бірегейлігі халықаралық деңгейде де мойындалған. Жоғары білім және ғылым саласының беделді ұйымдары Британдық Кеңес (British Council) пен Герман академиялық айырбас агенттігі (DAAD) «Болашақ» бағдарламасын балама 11 стипендия арасында басты үш бағалау межесі — оқу бағытының нысандылығы, оқу шығыстарының толық қамтылуы және бағдарлама түлектерінің елге оралғанда жұмыспен қамтамасыз етілуі негізінде ең үздік халықаралық стипендия болып танылған.

5 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына 30 жыл толады. Осы кезеңде еліміздің 15 697 азаматы стипендия иегері атанса, түлектер саны 12,5 мыңға жетті.

үштен бірін болашақтықтар құрайтынын да сызып айтып кеткен жөн.

Жалпы, бағдарлама тиімділігін бағалауда еліміздің қарқынды дамуына оң әсер еткен Impact жобалардағы «Болашақ» түлектерінің үлесін назардан тыс қалдырмаған жөн деп есептеймін. Атап айтқанда, орта және жоғары білім саласындағы мемлекеттік және жеке жобалар, ұлттық медициналық орталықтар, Астана халықаралық қаржы орталығы, AstanaHub, Astana IT университеті, Назарбаев университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері, сондай-ақ ірі мұнай және газ кен орындары, құрылыс жобалары, сонымен қатар стратегиялық маңызы бар нысандарға шетелдік инвестиция тартып, олардың ілгері дамуында жергілікті мазмұнды күшейтуде өз ерен үлесін қосқаны, қосып жатқаны белгілі.

Бұған қоса, «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің қауымдастығы мен «Болашақ» корпоративтік қорының қоғамдық және қайырымдылық қызметінің нәтижесінде Қазақстанның барлық аймағында инклюзивті қолдаудың кеңселері ашылды. Дарынды жастардың республикалық және халықаралық байқауларға баруы қаржыландырылса, Голливудтың 30-дан астам бестселлер фильмі қазақ тілінде дубляжданып, Қазақстан асып, Моңғолияның қазақ-тілді балаларын бақытты етті. Қауымдастықтың «Болашаққа сеніммен» тәлімгерлік жобасы шеңберінде «Болашақ» түлектері орта мектеп оқушыларына өз үздік үлгісі арқылы кәсіби бағдарлап, келешек мамандығын дұрыс таңдауда практикалық кеңес беруде.

Қай саланы алмасақ та, денсаулық сақтау, білім беру, адами капиталды дамыту, мәдениет пен өнерді ілгерілету, мемлекеттік басқару, қаржы, экономика, IT, инновацияларды енгізу және бизнес-процестерді онтайландыру, қоғамдық және қайырымдылық жобалар, өндіріс, құрылыс — барлық мықты бастамаларды жүзеге асыруда болашақтықтар көшбасшылар қатарында екенін зор мақтанышпен айтамын.

Бұған қоса, 2020 жылғы халыққа Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Болашақ» бағдарламасының шеңберінде жыл сайын 500 ғалымды әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханаларына тағылымдамаға жолдау шешімі бүгінде өз оң нәтижесін туралы айтты. Және «Болашақ» бағдарламасының нысандылығын одан әрі күшейтуге баса назар аудартып, техникалық-инженерлік мамандықтар дайындағын күшейтуді алға тартқан болатын.

«Қазақтар, жас қазақтар, технарь болуы керек. Бұл — менің сенімім. Үкімет осы мәселелерді жүзеге асыруы тиіс. Егер әрбір қаржылық өнеркәсіптік топ заманауи зауыт орнатса, ауылдардан, қала манынан келген мыңдаған баланы оқытса, оларға адал ақша табуға мүмкіндік берсе — бүтәлеуметтік тұрақтылықтың маңызды кепілі болады», — деп жастарға деген зор сенімін жеткізді. Бұл сенімнің ақталуында болашақтықтар шешуші әрі маңызды тетік болмақ.

«Болашақтың» болашағы бар, бар емес зор. «Болашақтың» баламасы жоқ. Ол әлі де мыңдаған жастардың әлемнің алдыңғы қатардағы үздік оқу орнында озық білім алуға мүмкіндік беретін, елімізге оралып халқымыздың игілігіне қызмет етуге жағдай жасайтын бірегей бағдарлама.

«Болашақ» еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында — әлеуметтік-экономикалық құлдырау, ішкі және сыртқы саяси төуекелдер мен белгісіздік басым кезеңде еліміздің дамуына үлес қосатын жастарға деген үлкен үміті — адами капиталды дамытудың ұзақмерзімді инвестициялық ең сәтті жобасы. Бұл инвестиция мың еселеп қайтуды.

Айнұр КӘРІБОЗОВА,

«Болашақ»

бағдарламасының түлегі,
Maqсут Narikbayev University
(КАЗГЮУ)

Басқарма төрағасының
орынбасары



Ernar АЛІМБЕК,
фотограф:

Әлемге саяхат жасау – көп адамның арманы. Әрі бұл арман оңай орындала бермейтіні тағы бар. Өйткені ол көп ақшаны талап ететіні белгілі. Сондықтан болар шетелге шығу десе, санада шектеу пайда болады. Сол стереотиптерді жойып, алыс-жақын елдерге жиі саяхаттап жүрген бір жұп бар: олар – Ернар Алмабек пен Жазира Байдалы. Ернардың суреттері әлеуметтік желіде жиі жарияланып тұрады. Тіпті оның видеоблогын жарыса бөлісіп жататындар да жоқ емес. Оның суреттерінде не сиқыр бар? Ол кейіпкерлерін қалай табады? Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ернарға қойған сауалымыз да осы төңіректе өрбіді.



ұялы телефонмен видео түсіріп, оған музыка қосу болса, оны мен де жасай аламын. Тіпті, монтаждау да қолымнан келеді. Бірақ оны мобилография деп атауға болмас.

— Экспедицияға шығуыңызға көмегі тиген адамның бірі Марғұлан Сейсенбаев екенін айттыңыз. Nomad Explorer жобасына жеңіл келуіңіздің сыры сонда ма?

— Марғұлан ағаның жобасына ерікті ретінде қатысқанымды айттым. Ол жобаға баруыма көмектескен — Тамара Омарова. «Massaget» сайтында жұмыс істеп жүргенімде, ол кісі сайттың басшысы еді. Сол кісінің кеңесі бойынша волонтер болдым. Тамара Омарова Марғұлан ағаны жақсы таниды екен. «Осы жобаға видеограф, фотограф керек болып жатыр екен. Барсаңшы», — делі. Бардым. Өскеменге барып, бір видео түсіріп көрдік. Өкінішке қарай, ол жобаның ғұмыры қысқа болды. Сол кездегі таныстық кейін Nomad Explorer-де жалғасын тапты.

— Шабандоз қыздың суретін түсіріп, әлеуметтік желіге салғаныңызды білеміз. Әрі ол сурет көпшіліктің арасында жақсы таралды. Ол сурет Көлсайда түсірілген бе? Сосын бәйге, көкпар және тағы басқа ұлттық спорт түрлерін іздеп жүресіз бе?

— Шабандоз қызды Көлсайда емес, Тоғызбұлаққа барғанымда, көрші ауыл Жалаңаштан түсірген едім. Ұлттық спорт түрінен түсіргенім осы шабандоз қыз Алтынай мен неміс бала Николай ғана. Арнайы ұлттық спорт түріне қатысты тақырыпты іздеп жүрмеймін. Рас, қызықты кейіпкерлер іздейтінім бар. Ол ауылда ма, қалада ма, маңызды емес. Іс-әрекеті, тіршілігі, тұлғалығы қызықтырған адамдарды көрсем, сырттай суретке, видеоға түсіріп аламын.

— Сонғы видеоблогыңызды көріп, тәңті болдық. Құрт қайнатып, лагман созған жеміс-жидекті қазақтың қай көркем өмірінен түсіріп алдыңыз?

— Бұл — біздің ауыл. Әкемнің, атамның туған жері, атамекенім Алматы облысы Кеген ауданы Тоғызбұлақ ауылында түсірілген. Сол ауылдың бас жағында, ауылдан отыз шақырым жерде жайлау бар. Орта Меркі, шет Меркі өзендерінің аңғарының бас жағында күнгей Алатаудың басында қоныс тепкен. Бұл Қараша деген жайлауда түсірілген. Орта Меркі аңғарының бас жағы. Жазда сол сапарға барғанда түсірген видеоымыз. Айдоос дейтін ағамның келіншегі. Бұған дейін де ол кісіні қыстауда түсірген едім. Ол да жақсы қаралым жинады.

— Қазақы болмыстағы қарапайым кейіпкерлерді қалай табасыз?

— Фотограф болғаннан кейін адамдарды қарап, жіті зерттеп жүреміз. Кей адамның образы қызықтырса, тесіліп қарап, зерттеп кететінім бар. Алғашында құр фото сессия жасайтын едім. Кейін ол кісілерді сұхбаттасу арқылы мінезін, болмысын ашқым келді. Әрі фотоға түсіремін, әрі видеоблог

“

Ментор кеңес береді, бағыттайды, мәселені шешу жолдарын ұсынады, қажет болған жағдайда әртүрлі қызмет салаларының мамандарын тартады. Осылайша, менторлар мектеп, ата-ана, жалпы қоғам мен балалар арасын жалғастыратын өзіндік ерекшелігі мен маңызы бар көпір болып отыр



—Ернар, біз сізді саяхатшы деп атасак, жаңылыспайтын шығармыз. Ең алғашқы сапарың қалай басталды?

—Бұған жауап беру қиындау тиетін сияқты. Өйткені саяхатқа шығуға бала кезден қызығамын. Баланың алғашқы саяхаты деген — ата-анасымен бірге қалаға баруы шығар. Менің алғашқы сапарым деп, Алматыдан ауылға барғанымды айтуға болады. Ол кезде атам мен апам ауылда тұрады. Жаз сайын әке-шешем мені ауылға жіберетін еді. Ауылдағы өмір, таудың етегіндегі атамның үйі менің биіктікке деген ерекше махаббатымды оятты. Ал атам мен әжем тұратын Тоғызбұлақ Кеген ауданына қарайды, тура таудың етегіндегі кішкентай ауыл. Тауға деген махаббат сол Тоғызбұлақтан басталған еді.

Кейін сол ауылға деген сағынышты басу үшін Алматыда да тауға шығып кететін болды. Оның үстіне, әскери дайындық сабағынан беретін Нұрлан ағайымыз да бізді тауға жиі апаратын. Ол кісі Көкжайлауға, Медеу мен Шымбұлаққа жиі баратын еді. Бізді жанына ертіп алады. Тауда не істеуге болады, не істеуге болмайды деген дүниенің бәрін бізге ағайымыз үйретті. Есейе келе, саяхаттаудың не екенін, оның да өз ләззаты болатынын ұқтық. Ол кезде қалай саяхатқа шығамыз, шетелге қалай барамыз деген сауалдар санада тұратын. Оның жолын қалай табамыз деп ойлайтын едік. Алғаш рет 2015 жылы шетелге саяхатқа шықтық. Ол жолы жұмыс бабымен Түркияға барған едім.

Сол жылдың күзінде Марғұлан Сейсенбаевпен таныстық. Ол кісінің бір жобасы бар еді. Сол жобада ерікті болып жүрдім. Кейін әлгі жоба жабылып қалды. 2016 жылдың көктемінде ол кісі Nomad Explorer деген жана жоба бастады. Сол жобаға мені фотограф ретінде шақырды. Алғаш «Ұлытау мұрасы» деген экспедиция жасалды. Сол экспедицияда фотограф болып жүрдім. Жеті күн бойы далада қонып,



Yernar Alimbek

Ұлытаудың кереметіне қанығып, табиғатын тамашалап, тарихи-мәдени жерлерін аралап, суретке түсірдік. Сол жеті күнде түрлі-түрлі адаммен таныстық. Олар мені кейін басқа саяхаттарға да шақырты бастады. Ол адамдардың кейбірі саяхатты жақсы көретін, кейбірінің жеке туристік фирмалары да болды. Ол орта менің одан әрі қарай да саяхаттауыма жол ашты. Марғұлан ағаның жобасы келесі жылы да жалғасын тапты. Үстіртке, Алтайға бардық. Одан кейін Жамбыл, Түркістан облыстарын араладық. Табиғаты тамаша жерлердің бәріне экспедиция жасалды. 2018 жылы Youtube-ден арнайы арнамды аштым.

Шағын камера сатып алғам. Сол камера арқылы видеоблогтар түсіре бастадым. 2019 жылы келіншегім Жазира Байдалы екеуіміз Дубайға барып, бірге видеоблог түсірген едік. Ол видеоымыз да жақсы көрілім жинады. Youtube арнамызды «Саяхаттаймын» деп атадық.

—Саяхаттау үшін көп қаржы керек емес пе? Жалпы, саяхаттау — ол жеке адамның хоббиі ғой. Бірақ осы жолда табысты артыруға бола ма?

— «Саяхаттау үшін қанша қаржы кетеді?» деген сауал жиі қойылады. Әр адамның шығыны әртүрлі ғой. Біреу көп жұмсайды, біреу аз жұмсайды дегендей. Тіпті мүлдем ақша жұмсамай, саяхаттайтындар

да бар. Сондықтан ақша жағына келгенде, әркімнің жұмсау тәсілі — әрқалай. Мәселен, мен шамама қарай саяхаттаймын. Қымбат елдерге әзірге барғаным жоқ. Барсам да, сол елдерде қаржыны үнемдеудің жолын іздейміз. «Көрпеңе қарай көсіл» дегендей, қалтамызға қарай шешіледі бәрі. Ал табысты арттыру деген — мүлдем басқа сауал. Шығын мен табыс — екеуі де бір-біріне қарама-қайшы дүние ғой. Саяхаттап жүріп, қалай табыс табуға болады? Саяхат дегеннің өзі — шығын емес пе? Ал табыс табу үшін туристік фирма ашып, соның жолына түскен абзал болар.

— Сонғы кездері Мобилограф болуға ұмтылатындар көбейді. Сізді де мықты мобилограф деп санауға бола ма?

— Өзімді мобилографпын деп есептемеймін. Мобилография — бөлек мамандық, бөлек сала деп айтуға болады. Иә, біздің түсіріп жүрген видеоларымыз да бұдан алыс кетпейді. Ұқсас екені анық. Видеограф, фотограф десеніз болады, мен бірақ мобилограф емеспін. Ол саланың өз ерекшеліктері бар. Оны оқытатын, үйрететін мамандары болады. Егер мобилография

жүргіземін. Екеуі бірге үйлескенде, сәтті кадр шығады. Әлеуметтік желіге шыққан видеоблогымнан да мұны байқауға болады. Жалпы, мұның бәрі мақтаныш емес, бұл — менің кәсібім.

— Шетелдік сапарларды суретке түсіргенді ұнатасыз ба, әлде Қазақстанның көркем табиғатын таспалаған ұнай ма?

— Маған екеуі де ұнайды. Менің Instagram парақшамның 90 пайызы Қазақстанды көрсетуге арналған. Youtube арнама шетелдік сапарларымызды жиірек саламын. Жалпы, мен әлемді танығым келеді. Әр қазақ осылай әлемді аралап жүріп, таныса деймін. Өйткені саяхат адамның көзін ашады, көкжиегін кеңейтеді. Саяхат — ол адамның ойын өзгертеді. Ол адамға шабыт береді. Елімізде де сүйсініп көретін, тамашалайтын көрікті мекен өте көп. Сонымен бірге әлемнің де кереметін танып, саяхаттаған дұрыс деп ойлаймын. Саяхат — түрлі идеялар ордасы. Көңіл молайтатын, көз тойдыратын табиғаты көркем елдерге саяхаттай бергенге не жетсін!!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС



«Отан – отбасынан басталады» деген ұстанымды берік ұстанған, әсіресе дәстүрлі құндылықтарды құнттаған халық ретінде біз отбасымыздағы жақындарымызға жиі қол ұшын беріп, қорған боламыз, ынтымақта болып, қолдау көрсетуге талпынамыз. Өз кезегінде өзіміз де сондай демеуді күтеміз. Мемлекет жекелеген отбасылардың қосындысынан құралады десек, отбасындағы жекелеген адамдардың да жай-күйі маңызды рөл атқармақ. Әрбір азамат жас өлшеміне қарай әртүрлі кезеңді бастан кешетіні рас. Біз осы ретте «Сэндвич ұрпағы» жөнінде сөз қозғамақпыз.



КЕШІККЕНДЕР – ӨМІРГЕ ӨШІКПЕНДЕР

қала, 36 пайызы ауылдарға тиесілі. Мысалы, кейінгі 5 жылда ерлер арасында 27,6 жастан 28 жасқа ұлғайды. Қыздардың орташа тұрмыс құратын жасы 25-тен 25,2-ге өскен. Отбасын құруға асықпайтын жастардың дені Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында тұрады», — дейді ол.

ЖАСТАР НЕГЕ ОТБАСЫН КЕШ ҚҰРАДЫ?

Жастардың кеш отбасы құруына да белгілі бір деңгейдегі болашақ отбасының алдындағы жауапкершілігі себеп болатынын айтып өткеніміз жөн. Сонғы уақытта елімізде отбасын құруға ниетті жастар қатары азайған. Қазірдің өзінде үйлену жасына жеткен бойжеткендердің — 30, жігіттердің 40 пайызы — бойдақ. Ресми деректі бағдарласак, 2012 жылдан

жасырмайтын көрінеді.

Жауапкершілік дегеннен шығады, қазіргі қоғамда азаматтық неке де жауапкершіліктен жалтарудың бір көрінісі іспетті. Қазақстан қоғамдық даму институтының сарапшылары әзірлеген «Қазақстан отбасылары-2022» ұлттық баяндамасында респонденттердің «азаматтық неке» құбылысына деген көзқарастары «он», «теріс», «бейтарап» деп аталатын үш топқа бөлініп, зерделенген. Азаматтық некені жактайтындар көрсеткіші — 28,3, оған қарсылар — 33,1, бейтарап ұстанымдағылар үлесі — 32,8 пайыз. Зерттеуге еліміздің 17 өңірінен 1 200 адам қатысқан. Мамандардың айтуынша, бұл дегеніміз — елімізде әрбір бесінші неке тіркелмеуі мүмкін дегенді білдіреді.

МАМАНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Ұрпақ деп айтуға болады. Бұл орта жастағы адамдар онсыз да күйзеліске бейім келеді. Себебі ер адам 40 жасында өз-өзіне «мен кіммін?», «кім боламын?», «қандай жетістікке жеттім?» деген секілді сұрақтарды өзіне қоя бастайды. Ал әйел адамдарда осы жаста сұлулықтарынан айырыла бастағандықтан, «қартайып барамын» деген күйзеліс басым болады. Енді осы жағдайға жанағы отбасындағы туындайтын мәселелерді қосыңыз. Сондықтан да «сэндвич ұрпағы» деген мәселе күрделі болып көрінуі заңды құбылыс», — дейді ол.

Ал әлеуметтанушы Ернұр Молдашев «сэндвич ұрпағының» басты мәселесі әлеуметтік жағдайға келіп тірелетінін, бұл мәселені шешуге мемлекет те мүдделі екенін жеткізді.

«Бұрын отбасы деген адам өміріндегі ең маңызды институт болатын. Қазір де сондай ғой. Бірақ бұрын оның ауқымы кең, маңызы жоғары болды. Адамның басты қажеттіліктерін қанағаттандыратын жалғыз институт осы — отбасы болды. Мысал келтірейін. Бұрында бала дүниеге келген кезден бастап әулеттің бақылауында, қамқорлығында болды. Әйел босанарда абысындары, женгелері болысып, ауырса емдеп, аяқ-қолын ерте жиып алуға көмектесті. Кейін ер адамдар оның шілдеханна тойын ұйымдастырып, үйленгенге дейін оның жан-жақты білімді, қайратты болып өсуіне ықпал етті. Тіпті, ер-жігіт үйленер кезде де оның болашақ жарын үлкендер тандап, женгелері арқылы екі жастың отау құруына себепкер болды. Ер-азамат әйелінің, отбасының негізгі асыраушысы болды. Ол кезде балабақша жоқ. Баласын бағуды ата-әжесі мойнына алды. Осылайша, ол адам белгілі бір ортаның қамқорлығын сезініп жүреді. Өз кезегінде өзі де сондай жауапкершілік арқалайды. Яғни, адам туғаннан бастап дүниеден қайтқанға дейін белгілі бір ортада өмір сүреді, сол ортаға тәуелді болады. Ол ортадан бөлініп кететін болса, оған басқа балама жоқ. Кейіннен бұл жағдай өзгере бастады. Бұған себеп — мемлекеттің күшеюі. Яғни, белгілі бір деңгейде мемлекет бұрынғы әулет орын-

өзге балама ұсына алмауы да бұл мәселенің туындауына алып келеді. «Сэндвич ұрпақтарының» басты мәселесі әлеуметтік жағдайға барып тірелетін болса, мемлекет те капиталистік елдердегідей түрлі қызмет түрін сізге ұсынуы, жағдай жасауы шарт», — дейді ол.

Мамандар «сэндвич ұрпақтарына» COVID-19 пандемия кезеңі ауыр тигенін атап өтеді. Себебі бұл уақытта балалар онлайн оқу жүйесіне көшіп, ата-аналар қатты науқастанып жатты. Бір жағынан балалардың білімі үшін бас қатырып жүрсе, екінші жағынан вирус иектеген ата-аналарының жағдайы осы бір орта жас өкілдерін әжептәуір сансыратты.

«СЭНДВИЧ ҰРПАҒЫНА» ҚАНДАЙ КӨМЕК КЕРЕК?

Көз алдыңызға сэндвичті елестетініз. Үстіңгі жағы — ата-әже, астыңғы жағы — бала-шаға. Ал ортаңғы жағында ерлі-зайыптылар. Енді осы ортаңғы жақтағы

«сэндвич ұрпағы» мұндай ауыртпашылықтың жолын қалай шешуге болады. Бұған алыстан тарих қопарудың немесе танымал психологтің көмегінің аса керегі жоқ. Тек қазақ дәстүріндегі бұрыннан бар немересін ата-әжесіне тәрбиелету арқылы бірқатар жеңілдік сезінуге болады. Өкінішке қарай, ата-аналар әрқашан үлкен туыстары арқылы қабылданатын және берілетін маңызды құндылықтар туралы ойлмайды. Ата мен әженің көмегін пайдалануға мүмкіндік немесе ниет болмаса, аналар мен әкелер күтушілердің немесе тәрбиешілердің қызметіне жиі жүгінеді. Бірақ аға ұрпақтың немерелерін дамыту мен тәрбиелеуде атқаратын маңызды рөлдері туралы ұмытпаған жөн. Мұндай үрдісті ғалымдар да қолдайды. Мәселен, француз әлеуметтанушылары жүргізген зерттеуге сәйкес, сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 47,8% үшін құндылықтарды, сенімдерді және дүниетанымды беру маңызды екені белгілі болған. Оксфорд университетінің зерттеулері де ата-әжелер баланың әл-ауқатын маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Өмірінде белсенді ата-әжесі бар балалардың эмоционалды және мінез-құлық проблемалары аз болады екен. Сонымен қатар үлкен кісілерге балалармен араласуы ұзақ өмір сүруінің бірден-бір кепілі екен. Ғалымдар немерелеріне күтім жасау егде жастағы адамдардың өмірін орта есеппен 5 жылға ұзартуға көмектесетінін анықтады.

ТҮЙІН:

